

Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) бекітілсін.

2. Кешенді жоспарды орындауға жауапты Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдары, өзге де ұйымдары (келісу бойынша):

1) Бағдарламаның тиісінше және уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін;

2) тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 5-ы күнінен кешіктірмей, Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігіне Бағдарламаның асырылу барысы туралы ақпарат беріп тұрсын.

3. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі жартыжылдықта бір рет, есепті айдан кейінгі айдың 10-ы күніне дейін, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына Кешенді жоспардың орындалуы туралы жиынтық ақпарат беріп тұрсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

О. Бектенов